

МКҚК «Шолпан» балабақшасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» тақырыбында ұйымдастырылған жиналыстың хаттамасы

дөңгелек үстел

№ 2 хаттама

Тақырыбы: «Сыбайлас жемқорлық деген не?»

Өткізілген күні: 05.12.2025 жыл

Өткізілген түрі: дөңгелек үстел

Төрайымы: Ә.С.Ахмет

Хатшы: А.Абдильманова

Қатысқандар: 5 адам

Қатыспағаны: 2 адам

Күн тәртібі

«Сыбайлас жемқорлық деген не, онымен қалай күресу туралы қағидалары»

Кәсіподақ төрайымы:

Сөз алды: кәсіподақ төрайымы С.Қадір Жемқорлық (лат. Corruptio-сатып алу)-мемлекеттік басқару құрылымдарындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке бастарының пайдасы мен мүддесі үшін пайдалану мақсатында жасалған қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекет.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай қайсын да қатты алаңдататыны анық.

Сыбайлас жемқорлықтың зардаптары:

- қоғамның бақытты болашағын тежейді:

- елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіреді;

- жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіретіні туралы айтып өтті.

Тыңдалды: жас маман Шименбаева А.-сыбайлас жемқорлық проблемасы барлық елдерде бар, ол әлеуметтік-экономикалық ілгерілеуді баяулатып, тек өзіне тән көріністермен және ауқымымен ерекшеленеді. Осы орайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган үшін қылмыстық қудалауға қарағанда, сыбайлас жемқорлық көріністерінің себептері мен жағдайларын айқындау мен жоюға бағытталған алдын алу шараларын әзірлеу мен қабылдау басымдық болуы тиіс екендігі туралы тоқталып кетті.

Сөз алды: балабақша тәрбиешісі Орынбаева Б.М. - сыбайлас жемқорлық еліміздің экономикасына кері әсерін тигізіп, үлкен мәселеге айналып

жатқанын, әрбір азамат өз құқығын және барлық заңдарды жақсы білу керектігі жайлы айтты.

Шешімі:

1. Жас мамандармен өткен «Сыбайлас жемқорлық деген не?» атты дөңгелек үстел қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстар одан қарай жандандырылсын.

Төрайымы: _____

Ә.С.Ахмет

Хатшы: _____

А.Абдиеманова

